



## БҰЙРЫҚ

15.11.2022ж.

Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 424

город Караганда

### «ОА Беркут-7» ЖШС банкроттық басқарушысын тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы Заңының 15-бабының 2 тармақшасына сәйкес, «ОА Беркут-7» ЖШС банкрот деп тану туралы Қарағанды облысы Мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 27 қазандағы шешімі және 2022 жылғы 11 қарашадағы кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімі негізінде,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «ОА Беркут-7» ЖШС БСН 121040000056, банкроттық басқарушысы болып Серик Рахметович Аушарипов тағайындалсын.

2. Серик Рахметович Аушариповке «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банкроттық басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы Серик Рахметович Аушарипов «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасы басшысына Мадениет Мағауиевич Сатыбалдинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшының орынбасары

К. Ахметбеков